| M073 | Аудит и налогообложение/Audit and taxation | 19 | 7M04142 | Есеп және аудит/Учет и аудит/ Accounting and auditing |
| | | | 7M04105 | Есеп және аудит/Учет и аудит/ Accounting and auditing (бейіндік) |
| M074 | Қаржы, банк және сақтандыру ісі/ Финансы, банковское и страховое дело/Finance, banking and insurance | 20 | 7M04144 | Қаржы /Финансы /Finance |
| | | | 7M04104 | Қаржы /Финансы/ Finance(бейіндік) |
| M087 | Қоршаған ортаны қорғау технологиясы /Технология охраны окружающей среды/Environmental protection technology | 21 | 7M05247 | Экология/Экология/ Ecology |
| | | | 7M05201 | Экология/Экология/Ecology(бейіндік) |
| M094 | Ақпараттық технологиялар/Информационные технологии/Information Technology | 22 | 7M06148 | Информатика/Информатика/Informatics |
| | | | 7M06101 | Информатика /Информатика/ Informatics (бейіндік) |
| | | 23 | 7M06149 | Ақпараттық жүйелер/Информационные системы/ Information Systems |
| | | | 7M06102 | Ақпараттық жүйелер/ Информационные системы/ Information Systems (бейіндік) |
| | | 24 | 7M06150 | Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету / Вычислительная техника и программное обеспечение / Computing and software |
| | | | 7M06103 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету/Вычислительная техника и программное обеспечение/ Computing and software (бейіндік) |
| M097 | Химиялық инженерия және процестер/ Химическая инженерия и процессы/ Chemical Engineering and Processes | 25 | 7M07153 | Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы/ Химическая технология неорганических веществ/ Chemical technology of inorganic substances |
| | | | 7M07101 | Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы/Химическая технология неорганических веществ/Chemical technology of inorganic substances (бейіндік) |
| M099 | Энергетика және электр техникасы /Энергетика и электротехника / Energy and Electrical Engineering | 26 | 7M07155 | Электр энергетика (Жаңартпалы энергетика) / Электроэнергетика (Возобновляемая энергетика) / Power industry(RenewableEnergy) |
| | | 27 | 7M07156 | Электр энергетика (Электр технологиясы)/Электроэнергетика (Электротехнология)/ Power industry (Electrotechnology) |
| M103 | Механика және металл өндеу/Механика и металлообработка/ Mechanics and metalworking | 28 | 7M07158 | Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)/ Технологические машины и оборудование (по отраслям)/ Technological machines and equipment (by branches) |
| | | | 7M07104 | Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша)/ Технологические машины и оборудование (по отраслям)/ Technological machines and equipment (by branches) (бейіндік) |
| M124 | Құрылыс/Строительство/Building | 29 | 7M07365 | Құрылыс/Строительство/ Building |
| | | | 7M07301 | Құрылыс /Строительство/ Building (бейіндік) |
| M125 | Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of building materials, products and structures | 30 | 7M07366 | Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/Production of building materials, products and structures of materials, products and designs |
| | | | 7M07302 | Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/Производство строительных материалов, изделий и конструкций/Production of building materials, products and structures (бейіндік) |
| M131 | Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production | 31 | 7M08172 | Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production |
| | | | 7M08101 | Агрономия/ Агрономия/ Agronomy (бейіндік) |
| M136 | Аграрлық техника және технологиясы/ Аграрная техника и технология/ Agricultural machinery and technology | 32 | 7M08573 | Аграрлық техника және технология/ Аграрная техника и технология/ Agrarian technology and technology |
| | | | 7M08501 | Аграрлық техника және технология/Аграрная техника и технологии/Agrarian technology and technology (бейіндік) |
| M137 | Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use | 33 | 7M08674 | Су ресурстары және суды пайдалану/Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use |
| | | | 7M08601 | Су ресурстары және суды пайдалану/Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use (бейіндік) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 34 | 7M08675 | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Land reclamation, land reclamation and protection |
| | | | 7M08602 | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Land reclamation, land reclamation and protection (бейіндік) |
| M150 | Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар/ Санитарно-профилактические мероприятия/ Sanitary and preventive measures | 35 | 7M11279 | Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік)/ Безопасность жизнедеятельности и и защита окружающей среды (Техносферная безопасность) |
| | | | 7M11201 | Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) /Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды (Техносферная безопасность) |
| **ДОКТОРАНТУРА / DOCTORAL STUDIES** | | | | |
| D001 | Педагогика және психология/ Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology | 1 | 8D01101 | Педагогика және психология /Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology |
| D003 | Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау/ Подготовка педагогов без предметной специализации/ Training teachers without subject specialization | 2 | 8D01303 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Педагогика и методика начального обучения/Pedagogy and methods of primary education |
| D014 | Биология педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов биологии/ Preparing Biology Educators | 3 | 8D01517 | Биология /Биология/ Biology |
| D013 | Химия педагогтерін даярлау Подготовка педагогов химии/ Preparation of teachers of chemistry | 4 | 8D01513 | Химия /Химия/ Chemistry |
| D010 | Математика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов математики/ Preparing Educators Maths | 5 | 8D01510 | Математика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов математики/ Preparing Educators Maths |
| D011 | Физика педагогтерін даярлау Подготовка педагогов физики/ Preparing Phisics Educators | 6 | 8D01511 | Физика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов физики/ Preparing Phisics Educators |
| D017 | Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов казахского языка и литературы/ Training teachers of the Kazakh language and literature | 7 | 8D01721 | Қазақ тілі мен әдебиеті/ Казахский язык и литература/ Kazakh language and literature |
| D070 | Экономика/Экономика/ Economy | 8 | 8D04140 | Экономика/ Экономика/ Economy |
| D071 | Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/ State and local government | 9 | 8D04139 | Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/ State and local government |
| D124 | Құрылыс/Строительство/Building | 10 | 8D07365 | Құрылыс/Строительство/ Building |
| D125 | Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of building materials, products and structures | 11 | 8D07366 | Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of building materials, products and structures |
| D131 | Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/ Crop production | 12 | 8D08171 | Агрономия/ Агрономия/ Agronomy |
| D137 | Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use | 13 | 8D08675 | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/ Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Land reclamation, land reclamation and protection |

**Сәлем достар!**

**Арнайы Сіздер үшін!**
**Таңдаған білім бағдарламаларыңыз***
**ҰБТ-ның жаңа форматы***
**Шектік балл***
**Грант саны***
**туралы және тағы да басқа көптеген керекті деректерді Сіздерге ұсыну үшін бағдарлама ашылады.**
**Керектің, қызықтың бәрі алдыңызда!**
**Бізбен бірге болыңыздар!**




**Ютуб канал:** **«RECRUITING.QORQYT»**

# Университеттің ішкі гранттары мен жеңілдіктері:

## 100% жеңілдік:

1) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне;
2) ҰБТ-ның пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздарына;
3) Облыстық Қызылорда телеарнасымен бірлесіп ұйымдастырылған «Интеллектуалды ұлт» телевизиялық конкурсының жеңімпаздарына.

## 50% жеңілдік:

1) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған студенттерге;
2) І және ІІ топ мүгедек студенттерге;
3) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне 1 курста, келесі курстарда (2,3,4) оқу үлгерімі «өте жақсы» болған жағдайда ұзартылады;
4) Облыстық Қызылорда телеарнасымен бірлесіп ұйымдастырылған «Интеллектуалды ұлт» телевизиялық конкурсының жүлделі орындарына;
5) Әлем және Азия чемпиондары (1-ші оқу жылына).

## 25% жеңілдік:

1) Шетелдік қазақ диаспора өкілдеріне сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына;
2) ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 бал жинаған түлектерге (1-ші оқу жылына);
3) Спорт саласындағы Халықаралық деңгейдегі чемпиондарға (1 орын);
4) Университет қызметкерлеріне (еңбек өтіліне қарамастан) және олардың балаларына (университеттегі еңбек өтілімі 3 жыл болуы тиіс) – 25%, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі);
5) Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге;
6) Көпбалалы отбасынан шыққан (балалары 23 жастан аспаған жағдайда) студенттерге, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі);
7) «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары атанған Халықаралық деңгейдегі конкурс чемпиондары (1 орын, 1 оқужылына);
8) Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасқан білім алушыларға (2 курстан бастап).

## 20% жеңілдік:

1) Спорт саласындағы жетістіктер үшін:
-Халықаралық деңгейдегі: (2 және 3 орын, 1 оқужылына);
- Республикалық деңгейде: (1 орын, 1 оқу жылына);
2) «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары атанған:
- Халықаралық деңгейдегі: (2 және 3 орын, 1 оқу жылына);
- Республикалық деңгейдегі (1 орын, 1 оқу жылына).

## 10 % жеңілдік:

1) Спорт саласындағы жетістіктер үшін:
- Республикалық деңгейде (2 және 3 орын, 1 оқу жылына).
2) «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары атанған:
- Республикалық деңгейдегі (2 және 3 орын, 1 оқу жылына);

*Business-Start*

# СТУДЕНТТІК КӘСІПКЕРЛІККЕ ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК!

Университетіміздің «Business-Start» жастар кәсіпкерлігі орталығының ұйымдастыруымен екі мәрте өткен «Kbh.startup» облыстық стартап жобалар байқауы кезекті маусымын бастайды.

Kbh.startup жобасы – Қызылорда облысының жас кәсіпкерлеріне тың идеяларын жүзеге асыруға және жобалары инвесторлардың қаржылық ресурстарына қол жеткізетін таптырмас байқау. Байқау бұрын-соңды 1100 ге жуық жастардың кәсіпкерлікке бетін бұрып, жобаларға 25 000 000 тенге көлемінде инвестиция тартуға септігін тигізді.

Аталмыш байқау 3 кезеңнен тұрады:

- Startup Weekend – байқаудың алғашқы 2 күндік іріктеу кезеңі.




Кезең аясында облыстың барлық аумақтарынан қатысушылар тренингтерден өтіп – бизнес идеяларын қалыптастырады. Бизнес идеялар өзара бағаланып, мықты жобалар жартылай финал кезеңіне өтеді. Әділқазы алқаларымен үздік деп танылған жобалар жүлделі сыйақыларға ие болады. 1-орын – 50 000 теңге, 2-орын – 30 000 теңге, 3-орын – 20 000 теңге.

- Kbh school – байқаудың жартылай финал кезеңі.

Kbh school қатысушылары Қызылорда қаласында өтетін бизнес-лагеріне келіп, жобаларын шыңдататын болады. Кәсіпкерлік тренингтері, экскурсиялар және кәсіпкерлермен кездесулер – жас кәсіпкерлердік жобаларына мықты серпіліс береді. Шыңдалған жобалар қазы алқаларының алдында қорғауға салынып – үздік болып танылған жобалар финалға өтеді. Жеңімпаз жобаларға ақшалай сыйақылар қарастырылған:1-орын – 130 000 теңге, 2-орын – 100 000 теңге, 3-орын – 70 000 теңге.

- Demo Day – байқаудың финалдық кезеңі. Жобалар инвестор-




лар мен қаржылық институттарының алдында қорғалып, инвесторды қызықтырған жобалар инвестиция алады. Жеңімпаз болған жобалар қосымша ақшалай сыйақылар қарастырылған. 1-орын – 250 000 теңге, 2-орын – 200 000 теңге, 3-орын – 150 000 теңге.

Байқауға кез келген 16-29 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Жоба туралы ақпарат және өтінім беру www.kyzylordahub.kzсайтында және @kbh.startup инстаграм парақшасында.

Байқау бойынша сұрақтар кеңес чаты арқылы кабылданады:
**+7 778 914 53 69.**

**БІЗДІҢ-PRIDE**

***Байманов Шахмардан Асқарұлы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы***



# «Студенттік жылдар мен үшін ең керемет те қызықты, ұмытылмас шағым»

***- Еңбек жолыңызға көз жүгіртсек, алғашқы қызметіңізді де осы жастармен жұмыс жасаудан бастаған екенсіз. Толығырақ тоқталып өтсеңіз?***

*- Иә, дұрыс айтасыз. Мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне оқуға қабылданған соң, университет қабырғасында ұйымдастырылған қоғамдық шараларға белсене араласып, еңбек жолымды ректордың «Жастар ісі бойынша көмекшісі болудан бастадым.*

***- Тұлға болып қалыптасу жолыңызда университет рөлі қандай болды?***

*Жастарға сапалы білім мен тәрбие беруде университеттің рөлі аса маңызды. Қазіргі уақыттағы студент жастардың рухани-адамгершілік құндылығының тапшылығы, жалпы адамдық құндылықтарды білім жүйесі арқылы оқытуға бағытталған бағдарлама құруға негізгі себепкер болып отыр. Студент жастардың кемелденуінде өз мүмкіндіктерін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі және өз мақсатын нақтылап, ойын бір тұрақты байланыстыра алу қабілеттілігі белсенділікпен белгілі бір мәнді көрсеткішке жеткізетіні сөзсіз.*

***- Сіз қандай студент болдыңыз?***

*- Студент болу – бұл арманыңыз орындалып, алғашқы жетістікке қол жеткізгеніңіз. Осылайша, үлкен өмірге алғашқы қадамымды басып, қоршаған ортаға өзгеше көзқараспен қарай бастадым. Әлеуметтік желі дамымаған уақытта белсенді студент жастармен бірлесіп, қоғамдық және мәдени-көпшілік шараларға белсене атсалысып, университет мәртебесін жоғарылатуғақызмет еттім. Қолымнан келгенше үлкенді құрметтеп, кішіге ізеттілік танытатынмын.*

*Студенттік жылдар мен үшін ең керемет те қызықты, ұмытылмас шағым. Студент кезімдегі араласқан достарымды, ұстаздарымды кездестірсем әрбір естеліктер мен қызықты сәттер есіме түсіп, сол бір ғажайып уақытқа қайта оралғандай боламын.*

*Өз өңірімізден түлеп ұшқан белсенді жастарымыз, тумаларымыз Қазақстанның түкпір-түкпірінде қазір әр саланың майталманы болып, үлкен қызметтерде жұмыс жасап жатыр. Жұмыс бабымен өңірлерге барып, кездейсоқ жолығып қалған сәтте қызықты естеліктерді айтып, бір марқайып, өткен шаққа қайта ораламыз. Соларды көріп, көңіліме қуаныш ұялайды.*



***Әліпбай Ақбота Қайратқызы***
***дене шынықтыру және спорт БББ 3 курс студенті, шахматтан ҚР спорт шебері,***
***ҚР 7 дүркін чемпионы, Халықаралық Үздік Студент-2020.***

*Әрбір адамзат баласы балалық шақтан болашаққа аттанады.Өмірге деген көзқарасы өзгеріп,белгілі бір кәсіптің тұтқасын ұстап,алтын қолды мамандық иегері атануды арман етеді. «Болашақта кім боламын? Қандай қызмет атқарамын? Елімнің өсіп-өркендеуі үшін қай салаға көп үлесімді қосамын?» деген сауалдар әрбір жас түлектің көкейінде жүргені анық.Өмірдің қызығы мен шыжығы қатар жүретін сәтте алтын ұя мектеп табалдырығынан аттап,үлкен өмірге аяқ бастық.*

*Мектеп табалдырығынан аттаған жас түлекке өмірдің ең қызық өткелі басталатыны анық.Өмір ағысын таңдауда өзіндік ерек жолдар көрініс тауып,бұлақтың бағдарын анықтау сол бір жоғары оқу орнымен тұспа-тұс келетіні де қалыпты жағдай.Таңдаған бағдарыңа қарай білім алу,ортаңды жаңарту,белсенді болу болашақтағы кейіпіңе жасаған ең үлкен қадамың болмақ.*

*Мен де осы жолда өз таңдауымнан қателеспедім деген ойдамын. Қазіргі таңда Қорқыт Ата университетінің 3 курс студенті атанған мен,өз ортамда белсенді, қоғамда қалыптасқан орны бар жас ұрпақтың бірі екенімді сеніммен айта аламын. Осы орайда университетімнің берген білімі,оқу барысында кездескен тәлімгер, ұстаздардың ілімі,танысқан жалынды жастардың ортасы үлкен септігін тигізді. Мен үшін үздік атауды иеленген Қорқыт Ата университеті қай жағынан алмасаң да оқ бойы оза шаба алатынына сенімдімін.Дамыған,өркениетті заманға саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы білім нәрін бере алған университет абыройы да, атақ даңқы да өз деңгейінен асқақтамаса,түспесіне сенім білдіремін.Өскелең жас ұрпақтың бөлшегі өз қадамыңды,болашағыңның бағдарлы жолын дұрыс таңда.Балалық шақтан болашаққа қателеспей қадам бас.Бізбен бірге бол. Жарқыраған Сырдың мақтанышы Қорқыт университетінің, жалындаған үздік студенттерінің қатарына қосыл!*

***Әли Кеңесұлы***
***ТМИ-18-1оқу тобының студенті, “Nur Otan” партиясы “Тұран” филиалы “Jas Otan” ЖҚ төрағасы, облыстық “Домбыра-Думан” ұйымының төрағасы***

*Әр адам үшін өмірде екі нәрсені дұрыс таңдау керек деп жатады.Бірі жар таңдау болса, екіншісі мамандық таңдау. Сонау мектеп шақтағы осы бір мамандық таңдайтын сәтімізді еске түсірейік. Баламын, шаламын, алдымда мың тарау жол тұр. Бәрі де маған кел деп тұрғандай. Өзіме ұнайтын, жақын мамандықты таңдадым. Ал енді университет таңдау керек.*

*Менің таңдауым Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне түсті. Алғашқыда қорқыныш болды, ортам қандай болады, мен осында жетістікке жете аламын ба? Қарап тұрсам, таңдауымды дұрыс жасаппын. Университетке алғаш келгенде ақ, айналамдағы жандардың жақсы жандар екенін түсіндім. Университетте керемет бір орта болды. Ол орта-белсенділер ортасы. Барлық жерде осындай бір қызықты орта болатыны мәлім. Бірақ біздің университеттің белсенділері бір отбасы тәрізді. Бір-біріне қолдау білдіреді, көмектеседі, қызықты уақыттар өткізеді. Менде сол отбасының мүшесі болдым. Жаңа отбасым менің жақындарыма айналды. Отбасымның маған деген қолдауының арқасында, «Домбыра-Думан» ұйымын аштым. Қазіргі таңда бұл ұйым, облыстық деңгейде жұмыс жасап жатыр. Жалпы университет маған көп нәрсе сыйлады. Естен кетпес естеліктер, қызықты студенттік шақ, жаңа орта. Университет арқасында қоғамдық жұмыстарға араласуға мүмкіндік алып, қазіргі таңда «Жас Отан» ЖҚ «Тұран» филиалының университетіміз бойынша төрағасымын. Одан бөлек, «Университет төсбелгісімен» марапатталдым.*



*Жас Әлидің жетістікке жету жолында қолдаған, бұл менің университетім. Бұл менің университетім-Қорқыт! Ұлы бабам қолдаған университтент тен қаншама ұлы тұлғалар шықты, бұл үлкен жетістік деп білемін. Үздіктердің үздігі, осы бір киелі оқу орнында оқу мен үшін үлкен бақыт! Ұстаздарым мен жақсы жандарға, университетіміздің барша қызметкерлеріне деген менің пейілім,алғысым шексіз! Менің университетім-менің мақтанышым! Біздің отбасымыз Сені де күтеді!*

# Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне түсудің 7 артықшылығы



Әлеуметтік қолдау және оқу ақысына арналған жеңілдіктер



Илья Ильиннен сабақ алып, чемпион атан!

СПОРТ 11 түрі 18 секция



Үздік профессорлар мен оқытушылар құрамы



115 жоғары оқу орнымен халықаралық байланыс, қос диплом бағдарламалары



Студенттік өмірді қызықты өткізетін +20 жастар ұйымы

513 - ПРОФЕССОР -ОҚЫТУШЫ
21 -ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ
31 - PhD
203 - ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ
170 - МАГИСТР



Бизнесті студент кезден бастау



Әскери кафедрада оқып, запастағы лейтенант шенін ал!

# ТАЛАПКЕР КҮНТІЗБЕСІ

***1.Бакалавриат***

*2021 жылы түсушілер үшін ҰБТ жаңа электрондық форматта өтеді. ҰБТ-ға тіркеу Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жүзеге асырылады. Күні мен уақыты міндетті түрде тіркеу кезінде белгіленеді.*

*Мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін 15.04-30.06. аралығында ҰБТ-ны 2 рет: сәуір, мамыр немесе маусымда тапсыруға болады. Өтініш беруші ең жақсы нәтижені конкурсқа жібере алады.*

*Ескерту: тестіге бір күнде 2 рет қатыса алмайсыз! Егер үміткер ҰБТ-ны сәуір айында тапсырған болса, онда ол оны бірнеше күнде немесе мамыр, маусымда қайта тапсыра алады. Дайындық үшін қысқа үзіліс жасау ұсынылады.*

*Ақылы негізде оқуға түскісі келетіндер үшін тестілеу наурыз айында өтеді.*

*Пәндердің саны - 3 міндетті пән, 2-і таңдау пәні. Электрондық форматта үміткер тестілеу аяқталғанға дейін сұраққа оралып, жауабын өзгерте алады. Аяқтау батырмасын басқаннан кейін, тест нәтижесі бірден көрсетіледі. Аппеляцияны бірден, электронды түрде беруге болады.*

*Максималды балл саны - 140 балл, тестілеууақыты - 240 минут.*

*Маңызды! Егер ҰБТ тапсыру кезінде тапсырушының телефон немесе шпаргалка қолданғаны анықталса, онда тестілеу автоматты түрде тоқтатылып, жүйе өшеді.*

*-Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларына өтініштер 20 маусым мен 7 шілде аралығында қабылданады;*

*- Шығармашылық емтихандар 8-13 шілде аралығында өтеді;*

*- Педагогика ғылымдарының білім беру бағдарламасы бойынша арнайы емтихандарды тапсыруға өтініштер 20.06 - 14.08 аралығында қабылданады;*

*-Мемлекеттік білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініштер 13-20 шілде аралығында қабылданады;*

*- күндізгі бөлімге студенттерді ақылы негізде қабылдау 1 сәуір мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады.*

*Ескерту: жоғарыда көрсетілген күндер өзгертілуі мүмкін! Барлық өзгерістер туралы университеттің «Рекрутинг» орталығының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан - Instagram @recruiting.qorqyt, Facebook «Рекрутинг Орталығы Қорқыт Ата» және қабылдау комиссиясынан біле аласыздар!*

*Ақылы негізде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білімі бар талапкерлерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы 20 маусым мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырады, қабылдау емтихандары 20-25 тамыз аралығында өткізіледі.*

*Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар (колледж бітірушілер) университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында жүзеге асырады. Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында жүзеге асырады.*

*Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.*

*Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.*

*2. Магистратураға кешенді тестілеуге өтініштер 15 маусымнан 15 шілдеге дейін қабылданады, кешенді тестілеу 1 мен 15 тамыз аралығында өткізіледі. Қабылдау 28 тамызға дейін.*

*3. Докторантура БББ бойынша құжаттар 3 шілде мен 3 тамыз аралығында қабылданады. Қабылдау емтихандары 4-20 тамыз аралығында. Тіркеу 28 тамызға дейін.*

## Талапкер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге келесі құжаттарды тапсырады:

1. Аттестат немесе диплом қосымшасымен (түпнұсқа)
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
3. 3х4 көлеміндегі 6 сурет
4. 086-У нысанындағы электронды медициналық анықтама
5. Мемлекеттік білім гранты тағайындалғаны туралы электрондық куәлігі (ол болған жағдайда)
6. ҰБТ электрондық сертификаты
7. Ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін)
8. Құжат тігілетін папка, конверт

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

**Бас редактор:**
**Қ.Ә.Омаров**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Б.С.КӘРІМОВА -**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
**А.Т.ЖҮНІСОВ -**
Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.
**Ж.Н.БАЗАРТАЙ -**
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
**Ғ.Ә.ТҰЯҚБАЕВ -** қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі

**Газет тілшілері:**

**Назгүл Бердіқожа**

**Алтыруова Құндызай Қазыбекқызы**

SYR TÚLEGI
stydent jastar gazeti
1992 жылдың мамырынан бастап шығады

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.